

УДК 398 (=512.122)

P.T. ӘЛМҰХАНОВА

*Қазақ ұлттық өнер университеті, Қорқым атындағы ғылыми-зерттеу институтының
бас ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының докторы*

АЙТЫС: АҚЫНДЫҚ ЖӘНЕ КҮЙШІЛІК

Аннотация

Мақала ақындық және күйшілік өнердегі айтысты жанрлық типология тұрғысынан зерттеуге арналған. Осы кезге дейін жеке зерттеліп жүрген өнердің екі түріндегі айтыс жанрына қатысты ортақ белгілер талданды.

Тірек сөздер: фольклор, ақын, күйші, айтыс, жанр.

Ключевые слова: фольклор, поэт, кюиши, айтис, жанр.

Keywords: folklore, poet, kuyshi, aitys, genre.

Халқымыздың дәстүрлі өнер түрлері: фольклорлық және авторлық деп, екі үлкен топқа, шығу кезеңіне қарай: архайкалық және кейінгі кезеңдерге реті бойынша жіктелетіні белгілі. Ал ақындық және күй айтыстары қай-қай кездे де пайда болып отырған. Өйткені, ежелгі дәуірлерде жігітке сын болған өнер түрі көп, құдалар да екі жақ болып, түрлі сайыстар өткізген. Сондықтан ақындық айтыстың да, күйшілік айтыстың да тамыры тым әріде жатқаны түсінікті. Қөнеліліктің бір белгісі сол – бұл өнер түрлері қыргыз, қарақалпак, түркіменге де ортақтығы арқылы белгілі болады.

Ақындық айтыстар ғылым назарына ерте іліккендіктен, бүгінде белгілі дәрежеде жақсы зерттелді. Ал күйді зерттеушілер арасында «күй айтыс» деп те, «тартыс» деп те аталған. А.Жұбанов сөз қайталаушылыққа ұрынбас үшін «домбырамен жарыс» дегенді де қолданған. Негізі, атаулар осынша түрлі болғанымен, негізі, айтпағы – бір, ол қателікке жатпайды. Дегенмен

жанрлық атап ретінде бір тоқтам жасалуы керек. Ақындық және күйшілік саласындағы осы жанрлық турді зерттеуге, жанрлық типология үшін ыңғайлы болуы үшін ғана емес, фольклорлық және авторлық шығармалардың жанрлық кестесін жасағанда, нақты бір атауды, яғни «айтыс» атауын қолдануға тұра келеді. Оның үстіне ақындықта да, күйшілікке де айтыстың жанрлық талабы ортақ. Ол – нақты екі өнер адамының арасында шын сайыс, жеңіске деген ұмтылыс болуы керек. Сол себепті сыртқы тұр жанрды айқындалмайды, көп уақытқа дейін жеке бір ақынның төл туындысын шығарманың диалог формасы бойынша айтысқа қосып келді. Мәселен, «Қараашекпен мен қасқыр», «Көккүтан мен шымшық», «Жұманазар мен домбыра», «Ыңдырыс пен тайлак», т.т. 1965 ж. «Айтыс» және жеке ақындардың шығармалар жинақтарына да, зерттеу еңбектерінде де ақындар айтысы ретінде енгізілді. Алайда, кейін, 2008 ж. «Қазақ әдебиетінің тарихын» дайындау кезінде бұл аталған шығармаларды екі ақынның туындысы деп есептеуге негіз жоқтығы, сол себепті бір адамның ғана төлтумасы ретінде бағалану керектігі айтылды [1, 691-б.].

Диалог формасындағының бәрі айтыс еместігін Б.Аманов пен Ә.Мұхамбетова да дұрыс байқаған [2, С.158-159]. Еңдеше «Көрібоз бен Салторы» күйін айтыс деп тану үшін әуелі күйшілерді анықтап алу керек. А.Сейдімбек: «Мұндағы Көрібоз – бір кездегі алдына қара салмаған жүйрік ат. Ал Салторы болса, кейін көріне бастаған сәйгүлік», «күйді тындағанда аныздан гөрі әуенниң тәжікесі басым екен анғару кын емес» [3, 94-б.], – деумен шектелген.

Мұндағы «Әуенниң тәжікесі» дегенге ой салсақ, екі «рөлдегі» жануарлардың «талас», «жарысын» музыкамен бейнелеуге ұмтылғандық бар, бірақ екі күйші шығарды деуге негіз керек. Яғни бұл екі бөлек күй емес, күйлерді орындаушы екі адам емес, сондықтан күй айтысына қосылмайды.

А.Сейдімбектің күй айтысындағы тағы бір, дәлірек айтқанда, үшінші тұр ретінде атағаны – күйші күә болған оқиғаға немесе бұрын өткен, бірақ ел есінен өшпей жүрген оқиғаға арнап шығарылатын күй дегені осы шығармаларға келетін сыңайлы. Әйтсе де, күйшілердің өнер сайысынан бөлек, күй айтысына қойылар талапқа сай келмейді. Дұрысы: бір композитордың шығармасындағы «айтыс» – композициялық ерекшелік ретінде бағалануы қажет.

Күй айтысын жіктеуде А.Сейдімбек атаған тұрларді толығымен атағанда, оның қосылатын да, қосылмайтын да жағдайлары бар. Оның пікірінше, күй айтыстары: 1) күйшілердің алдын ала құлақтасып, хабарласып, сайланып келетін айтысы; 2) күйшілердің тосян кездесу сәтінде, ерекіс үстінде немесе даулы жағдайға тап болғанда, дуниеге келген күйлер; 3) күйші күә болған оқиғаға арнап немесе бұрын өткен, бірақ ел есінен өшпей жүрген оқиғаға арналған күйлер; 4) күймен жауаптасу, күймен сәлем айту, күйшілердің бір-біріне күй арнауы. Осы жіктеудегі бірінші тұр алдын ала дайындықпен келетін болғандықтан, суырыпсалмағықтан бөлек бір тұрді құрайды.

А.Сейдімбек үшінші тұр деп атаған күйлер екі жағдайда да пайда болуы мүмкін, яғни суырыпсалма түрде де, алдын ала дайындықпен де шығуы әбден мүмкін.

Ал күй айтыстары орындалуы тұрғысынан қара тартыс не туре тартыс болуы әбден мүмкін. Шығармалардың саны бойынша жеңіді мақсат етсе, ол – «қара тартыс» та, бірінші адам тартқан күйді бәсекелесінің айнытпай, қайталап тартуы туре тартыс немесе қайым тартыс деген жіктеу қолдауға тұрарлық. Әйткені, дәл осы екінші тұр ақындық айтыстағы қайымдасумен үндестік табады.

Адай Құлшардың жолаушылап келе жатып, ат басын бұрған үйде қыз және оның шешесі – үшеуінің арасындағы күй айтыста жеңген мен жеңілгенді айту маңызды емес, осы өнер сайысында суырыпсалмағықпен пайда болған «Кербез керік», «Ат жортак», «Кебіс қалған», «Сық-сақ» күйлерді қыз бер оның шешесі орындаған деп баяндалса да, бәрібір, Құлшарға телінетіні назар аудартады. А.Сейдімбек бұл жағдайды: «Мұның негізгі себебі: күйші тосян оқиғаның кейіпкері ғана емес немесе тартушысы ғана емес, ен бастысы, сол оқиғалы күйлерді ұштап, толықтырып шығарушы да болып табылады» [3, 94-б.], – дегенімен келісуге болады. Дегенмен, арага қанша уақыт түскен соң, дәл осы күй айтыстағы күйлердің бастапқы музыкалық мәтінін де, аталған күйлердің нақты иесін де ешкім атай алмайды. Сондықтан ғылыми маңыздысы: елге атағы белгілі күйшіге теліну, кейінгі дамытылуы оның есімімен, шығармашылығымен байланысты табиғи зандағылық бар. Мұны кезінде Ахмет Жұбанов байқаған. Бұл ерекшелік ақындар айтысында да кездеседі, яғни мықтының есімі халық жадында көбірек сіңісті болған себепті есімдері ел есінде қалмаған жандардың сөздері соларға «қосылып» кеткен жағдайлар кездеседі. Күйшілік өнерге де бұл тосян емес, тең түскен кездерде мықтының аты оза шабады да, бәсекелесінің аты ұмтылып,

атақты ақынға сіңісті болады. Бұл ауызша жеткен ақындар айтысынан да канондық мәтін талап ете алмайтын жағдайлармен ұқсас.

Төртінші түр ретінде аталған күймен жауаптасу, күймен сәлем айту, күйшілердің бір-біріне күй арнау дәстүрі деген топтауда олардың әрқайсысын даралау қажеттігі сезіледі әрі бұлардың жеке түр ретінде қабылдануы екіталаі. Өйткені, күй айтысына түскен адам күймен жауаптаспай, қалайша айтыска түседі? Ол күй айтысына түсे отырып, суырыпсалмағып немесе дайындықпен әкелген күйін тарту арқылы жауаптасатын болады. Айтысқа бетпе-бет кездесе отырып, сәлем жолдасулары жеке түр – арнау деп, жеке түр ретінде қабылдау қын. Сәлем арнаудың реті басқа жағдайда, яғни дәл осы күй айтысында бетпе-бет кездесіп отырған кезде тумайды. Арнау алыстан жолданатын ниетпен байланысты. Олардың күй айтысына қатысы жоқ, сондықтан күй айтысына түсер кезде екі күйшінің бір-біріне амандасты, жол беруі шығарманың құрылымындағы кіріспеге қатысты. Солайша екі өнерпаздың арасында өтуі керек күй айтысындағы жеке түр бола алмайды.

Көпке белгілі мына аңызды талдап көрелік. «Құрманғазы алғаш істі болып, сауға сұрау үшін Дәулеткерейді арнайы іздеп келген» деп басталатын аңыз бойынша, үй иесі ретінде әуелі Дәулеткерей күй тартқан, оны «Бұлбұл» деген екен, домбыраның кезегі Құрманғазыға тигенде, ол да «Бұлбұл» деген атпен күй тартыпты, сонда Құрманғазы орындаған күйді Дәулеткерей: «Жоқ, бұл жайғана бұлбұл емес, бұлбұлдың құрғыры екен», – депті.

Аңызben танысқан соң бұл арада екі күйшінің бір-бірін жеңем деген тайталасты құлшынысы жоқтығы белгілі болады, сол үшін күй айтысына қосу қын.

Оның үстіне Дәулеткерейдің «Бұлбұлы» мен Құрманғазының «Бұлбұлдың құрғыры» дәл сол бетпе-бет кездесуде шықты дегенниң өзі аңыз арқылы, яғни ауызша жеткен, құжатпен дәлелденбейтін жағдайда жеткенін ескеру қажет. Аңызға берілетін жанрлық ерекшелік осы арада аңғарылады, яғни аңызда баяндалатын оқиғаны тарихи нақтылық ретінде қабылдай беруге болмайды, мұнда тек шындықтың елесі ғана болуы мүмкін. Ал осы «елестер»: Құрманғазының істі болғаны, ел арапал, қашқынды тірлікті көргені басты себеп. Осыны білетін жүрт екінші мықты – Дәулеткереймен «кездестірген» және Құрманғазының өнерін жоғары бағалағанын жеткізу мақсатында ол тартқан күйді «Бұлбұлдың құрғыры» дегізген. Халық арасында небір шебер әңгімелілер бар, қыыспасты қыстырыар шешендер бар. Бұл солардың, яғни халықтың шығармашылық енбегінің нәтижесі деп бағалауғының пайымға сай келеді. Тіпті, екі күйші бетпе-бет кездесіп, бір-бірімен осылай жауаптасқанда «Құрманғазының сауға сұрауы» және «Дәулеткерейдің жауап беруі» деп, неге айтылмады? Олай болса, «Бұлбұл» атты күйлердің шығу себебін өзінше түсіндірген халықтық рөл бар. Осы орайда Ахмет Жұбановтың бұл шығармалардың өзін де, олардың шығу жағдайын да ете жақсы білгеніне еш шубә жоқ. Ол екі мықты күйшінің кездескені туралы «Ғасырлар пернесінде» жазған, бірақ бұл күйшілердің күй айтыс жасағаны туралы айтпаған. Болашақта осы ескерілгені абзал.

Айтыстың екі түрінде де синкреттілік өнер басты назарда болады. Атап айтқанда, ақындық айтыста: ұтымды сөз бен жүйелі ойды игеру; бәссекелесті жену үшін білімділік, тарихты терен білу; домбыра тартудағы қәсібілік; композиторлық, яғни әуезділікті сақтау. Күйшілік айтыстағы тартыстың ерекшеліктерін Б.Аманов: орындаушылық шеберлік; композиторлық өнер, мнемотехника тұрғысынан жіктеген [2, С.158]. Осындай ортақтық пен айырмашылық болса да, ақындық айтыска қойылар талаппен қарағанда, күй айтысы деп танылуы үшін екі күйшінің орындаған шығармалары бір-бірін нақты толықтырып тұруы, шығармашылық тұтастыққа ұластыру жағы қамтылуы қажет. Олай болмаған жағдайда, жеке күй ретінде сақталғандықтан, күй айтыс емес, жеке күй ретінде ғана бағалануы қажет.

Түркіменнің белгілі бақшысы Құлыбай мен Адайдың ақыны Өскенбайдың күй айтысының маңызы іліктестікте екендігі осындайда сезіледі. Және екеудің арасында нағыз өнер сыйысы болғаны сезіледі, ақырында, жеңген мен жеңілгенді ажыратып жату қын соғып, тен төрелік жасалған.

Күй айтысы дегенді жанрішілік түр ретінде айтпаса да, Тәттімбет Қазанғапұлының екі реттегі домбыра жарысын А.Жұбанов аңыздарға сүйеніп баяндаған. Әрине, әңгіме күйшілердің өнер жарысы туралы болғандықтан, айтылып отырған әңгіме күй жарысы, күймен айтыс екені түсінікті. Және дәстүрлі қазақ қоғамында дәстүрлі өнер аясында күйшілердің жарысында да ақындар айтысындағыдай ру намысын қорғау алға шығатынын А.Жұбанов мән бере айтқан. Тәттімбетпен күй жарысына қатысқан Малғараны: «Ол кездің дәстүрі бойынша, қыз енді өзінің қара басының

ғана ары емес, аты Найманның арын арлауга кетеді» [4, 222-б.], – деген.

«Тәттімбет қырық күй тартқан кездे қыз отыз тоғызбен тоқтайды. Сонымен қыз женілген болып есептеледі. Қалай болғанда да, кешегі шонжарлық заманда айтыстарда да, тартыстарда да, үнемі жігіт женеді де отырады. Шынында, отыз тоғыз күй тартқан домбырашы қыз тағы бір күй тарта алмайды дегенге кім нанады? Мұнын бәрі де бір оқиғаны кейінгілерге айтып берушінің сол айтылған шонжарлық заңын құлдығынан шыға алмағанын болмауына кім кепіл? Мұмкін ақылды, зерделі қыз әрі домбырашы, әрі ақын, әрі сері жігіт Тәттімбеттей қонақтың сагын сындырығысы келмей, әдей тартысты тоқтата қойған болар» [4, 222-б.], – деген.

Алғашқыда Адай руының қызы Ақмандай тартқан делінетін «Адай» күйінен кейін Құрманғазы «Серперді» тартыпты деген анызды А.Жұбанов білген [4, 53-б.], бірақ басқа жорамал жасамаған. Революцияға дейінгі мұрамыздың авторын белгілеудің өзінде де бір авторға телуге нақтылық жетпегендіктен, әлі құнғе дейін «Адай» күйін бірінші Ақмандай шығарды деген аныз болса да, Уакап Қабигожин «Адай» Құрманғазының күйі, Ақмандай тартқан емес, Адай қызымен кездесу үстінде шыққан күйі болған соң халық арасында солай аталып кеткендігін айтқан [4, 52-б.], эрине, мұндай "келиспеушілкітін" жігін А.Жұбанов таба білген. Құрманғазы қайтадан ширатып, жетілдіргендіктен, Құрманғазы есімімен айтылады, дегенмен ғылым үшін маңыздысы – нотаға түспегендіктен демей, бұрын авторлықты бекітетін жағдайдың болмағанын, солайша **авторлы ауыз әдебиеті** деп бөлген сияқты жағдай музыкатану саласында да қолданылу қажеттігі анықталады.

А.Жұбанов алға тартқан екі жағдайда да әр күйшінің тартқан күйінің саны қырыққа жеткен. Бірінші жағдайда қыз Тәттімбетке тең түсіп, қырқыншы күйді тартады. Сонда, қалайда, қыздан женілмеу керектігін ойлаған Тәттімбет етігін шешіп, он аяғының башпаймен күй тартқан. Ал ислам діні бойынша әйел адамның қолынан басқа жері ашық болмау керек, қыз күйшілік өнерінің кемдігінен емес, дін заңын, қоғамның сынын ескеріп, бұлайша күй тартудан бас тартып, женілген сияқты болады. Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйінің шығуы туралы халық осылай айтқан.

А.Жұбановтың пікірінен күй айтысина қатысты маңызды дерек анықталады. Бірінші жағдайда Тәттімбет еркектік намыспен, қалайда, қызды тоқтату үшін башпаймен тартса, бұл қызды женудің құралы – ислам дінінің әйел адамға қояр шектеуін пайдаланғаны. Ал Малғара қыздың Тәттімбетке әдей «жол беруі» объективті сана ықпалы – феодалдық қоғамның талабына қыздың мойынұсынуы да, субъективті тұрғыдан, ел арасында өнерімен атағы жер жарған тұлғаның алдында кішілікті сақтау қажеттігі әсер еткен. Екі түрдегі айтыстың айырмашылығы осында.

«Былқылдақ» күйін башпаймен тартпақ түгілі, екі қолдың саусактарымен тартып шығу да онай еместігін айта отырып, А.Жұбанов домбыраны басқа қойып қағу, артына ұстап отырып, ойнау, домбыраның мойынын бойлап, қол жүгірту – мұндай қосымша қымылдар көрерменге фокустық өнердің ләззатын беруден басқа мақсаты жоқ, дыбыстық, музыкалық жағынан ешбір эстетика нәтиже бермейтінін [4, 217-б.] баса айтқан.

Күймен жауптасу жалпы күйшілер арасында орын алуды мүмкін, оны жоққа шығаруға болмайды. Ал оны күй айтысина қосу керек пе, бұл ойлануды қажет етеді. Осы орайда ақындардың бір-бір қайырыммен шектелген өлеңдері де бар екенін ескеріп, түсінуге болады. Мәселен, «Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысы», «Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны» деген шығармалар нағыз өнер сайысы ретінде танылатын ақындық айтыстардың қатарына қосуға келінкіремейтінін, бірақ ақын шығармашылығында орны бар екенін ескеру қажеттігі алға шығады. Дегенмен Құрманғазы мен Дәулеткереидің «Бұлбұлдары» немесе Құрманғазының «Сарыарқа» күйі мен Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйі ұлы күйшілердің бір-біріне арнаған күйлері еді деген ойлар дәлелдеуді қажетсінеді.

Осы сияқты фольклорлық күй айтысы ретінде «Кербез қыз» бен «Сал жігіт» аталғанымен, мұнда женімпаз жоқ. Аныз бойынша, жүртты менсінбеген кербез қыздың мінез-қылышы суреттелсе, кейін отырыңқырап қалған сол кербез қызға сал жігіттің базына сәлемі күй тілінде жетеді. Эрине, күй тілін кербез қыз түсініп, бір кездегі астамшылығын мойындалап, мұнаяды. Бұл, тіпті, бір өнерпаздың туындысы болуы да ықтимал.

Айтыс бәсеке ретінде танылған соң женілген анықталады. Түркімен бақшымен болған айтыста тең төрелік жасалған десе де, мұндай жағдай сирек. Негізі, ақындық айтыстардағы женіліс жүйелі сөзге тоқтау, кей ретте жеке бастың құпиясының ашылуымен байланысты. Әйтпесе, ақындық айтыстарда анызы немесе ұят саналатын сөздерді әйелдер де қолданған. Ақындық

айтыстан өзгешелік: күй орындауда түрлі амал-тәсілдерді қолдануда еркіндік мол болған, ол бәсекелесті тоқтатудың тәсілі ретінде орын алған. Оның мысалы – күй айтысындағы анайы түр. «Жаңылтпаш сайқал» күйі [5, 25-б.] фольклорлық күй, оның анызы: «Ертеде бір қыз бен жігіт домбыра тартысады» деп басталған. Бұл айтыс, А.Жұбанов анықтағандай, күйшілердің айтыс кезінде айла-тәсілдерді еркін қолданатындығын қосымша дәлелдейді. Өйткені, мұнда жігіт қызды қалайда жену мақсатымен ұтты қимылдарды қайталауға мәжбүрлеп, бәсекелесі тоқтайтын жағдайға жеткізген.

Күй саласында жұмбақ айтыстың қолданысында өзгешелік басқаша түрде өрбітілуі мүмкін. Егер ақындар жұмбақ жасырып, оның не екенін сұраса, күйде шығарманың мазмұнын жеткізіп, оның атауын не авторын сұрауы мүмкін. Әйтсе де, бұл дәстүрлі күй өнерінде белгісіз, яғни мұндағы сайыстар қазіргі заманауи бағдарламаларда насхат, популяция мақсатында қолданылады.

Сол сияқты ақындар арасындағы діни айтыс күйшілікте тақырыптық тұрғыда емес, қара тартыс түрінде ғана, яғни күйдің санын арттыру мақсатында ғана қолданылуы мүмкін.

Күй айтыстарын зерттеуде әлі де ізденістер болуы керек. Өйткені, революцияға дейінгі айтыстардың насхатын сол бәсекеге қатысқан ақындардың жасағанын М.Әуезов жазған. Оның: «Жол бойынша, екі ақын айтысса, солардың сөздерін кейін ретке салып, көпке жайып, дұрыстығымен дәл айтып беру: женғен ақын емес, женілген ақынға міндет болған сияқты» [6, 165-б.], – деген сөзін еске алғанда, күй айтыстарда дәл мұндағы нақтылық бүтінге белгісіз.

Корыта айтқанда, күй айтыстары ақындық айтыстарға ортақ шарттарға да тәуелді. Тен төрелік сирек кездеседі, сондықтан «айтыс» бәсеке ретінде қабылданғандақтан, күй айтысында да женуге ұмтылыс басты мақсатқа айналады.

Бүгінгі таңдағыдай, нақты авторлықты дәлелдеу мүмкін болмаса да, халықтың бір тұлғаға телуі тұрақтанған шығармаларды авторлы ауыз әдебиеті деп бөліп атағандай, музыкатануда авторлығы шартты шығармалар деген айырым да енгізілуі қажет.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Қазак әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
- 2 Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
- 3 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Құлтегін, 2002.
- 4 Жұбанов А. Фасырлар пернесі: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
- 5 Мұртекеев Б., Медеубекұлы С. Жетису күйлері. – Алматы: Өнер, 1998.
- 6 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 11. Әуезов М.О. Фольклор туралы зерттеулер. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012.

REFERENCES

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. On tomduq. 1-tom. – Almaty: KazAkparat, 2008.
- 2 Amanov B., Muhambetova A. Kazahskaja tradicionnaja muzyka i XX vek. – Almaty: Dajk-Press, 2002.
- 3 Sejdimbek A. Qazaqtyn kuj eneri. Monografija. – Astana: Kyltegin, 2002.
- 4 Zhýbanov A. Fasyrlar pernesi: Qazaqtyn halyk sazgerleriniň ömiri men shygarmashylygy turaly ocherkter. – Almaty: Dajk-Press, 2002.
- 5 Mýrtekeev B., Medeubekýly S. Zhetisu kyjleri. – Almaty: Өner, 1998.
- 6 Klassikalyk zertteuler: Kep tomduq. T. 11. Әuezov M.O. Fol'klor turaly zertteuler. – Almaty: Әdebiet әlemi, 2012.

Айтыс: ақыны и күйши.

Резюме

Статья посвящена проблемам жанрового типологического исследования айтыс в поэтическом - ақынов и музыкальном состязании - күйши. Выделены специфические особенности жанра айтыса, которые до сих пор изучались раздельно.

Aitys: akyn and kuy art.

Summary

The article highlights the issues of genre typological research in poetic aspect-akyns and musical contest- kuyshi. Specific features of aitys genre have been outlined which haven't been studied yet.